



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№34 (890) Сәрсенбі 21 тамыз 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ЕГІНГЕ ОРАҚ ТҮСТІ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданы «Таң» ауылының егіс алқабына алғашқы орақ түсу рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының бірінші орынбасары, профессор Әмірзақ Озғанбаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, барлық облыс әкімінің орынбасарлары мен ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары қатысты.



Аймақ басшысы ізгі тілегін білдіріп, агросалада атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Ауыл шаруашылығы - аймақ экономикасын өрістеткен негізгі бағыттардың бірі. Оның ішінде, аймақтың табиғи ерекшелігіне, ауа райы мен топырақ құрамына бейімделген негізгі дақыл - күріш. Соңғы жылдардағы су тапшылығының кері әсері Сыр дикандарына оңай соқпады. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөз жүргізіліп, қолдау жасады. Нәтижесінде егісіміз сумен толық қамтамасыз етілді. Сол үшін барша Сыр дикандары атынан шексіз алғысымызды білдіреміз. Вегетация кезеңіне бекітілген су лимитіне сәйкес

күрішті 84 мың 300 гектарға ектік. Жыл сайын аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінуде. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 5 жылда екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бергені белгілі. Осы ретте егістікті әртарапандыруға, су үнемдеу технологияларын қолданып егіс көлемін арттыруға ден қойылуда. Жеңілдетілген дизель отыны шаруашылықтарға мерзімінде жеткізілді. Дикан қауымы ауызбірліктің үлгісін көрсетіп, суды ысырапсыз пайдаланып, жоспарлы жұмыс жасауда», - деді Н.Нәлібаев.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров жиналған жұртшылықты құттықтап, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді, мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтты. Егін орағының басталуына арналған

іс-шарада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республиканың әр өңірінен келген кәсіпорындардың келісімге қол қою рәсімі өтті. Нақтырақ айтсақ, «Шымкент» ӘКК АҚ мен «Жан – Арай» ЖШС, «Павлодар» ӘКК АҚ мен «Абай -Дәулет» ЖШС, «Алматы» ӘКК АҚ мен «Алтын Орда» ЖШС арасында меморандумға қол қойылды. Шараға қатысушылар егін жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникаларымен, облыста өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, мамандармен пікір алмасты. Сала ардагері Нұрлыбай Ұлықпанұлы ақ батасын берді.

Сыр дикандары суды үнемдеу мақсатында соңғы 10 жыл көлемінде күріш егістігінің 55 мың гектарын лазерлік тегістеді. Алдағы 5 жылда бұл 72 мың гектарға жеткізіледі. Биыл су үнемдеу технологиясын пайдалану 4,4 мың гектарға жетті, алдағы 5 жылда оны 24,2 мың гектарға арттыру жоспарлануда. Биыл «Таң ЛТД» серіктестігі қытайлық компаниямен бірлесіп, Шиелі ауданында 800 гектарға тамшылатып суару әлісімен дән жүгері екті. 2025-2026 жылдары тамшылатып суарылатын егістік көлемі 3 мың гектарға дейін ұлғайтылады.

Сол сияқты Қазалы және Арал аудандарында ауқымды жобалар бастау алды. Арал ауданындағы «Кәмел Про» шаруа қожалығында 830 гектар жоңышқаны, Қазалы ауданындағы «РЗА Агро» серіктестігінде 184 гектар мал азықтық дақылдарды жанбырлатып суару жобалары бар. Сонымен қатар, делегация «Таң» ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Айта кету қажет, «Таң ЛТД» серіктестігінің құрылтайшысы, Қазақстан Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев соңғы жылдары ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд. теңгеден астам қаржы бөліп, әлеуметтік нысандарды жөнелді. «Тағзым», футбол, балалар ойын алаңдарын салып, жолдарды жаңғыртты, көшелерді жарықтандырды.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Құрылысшылар күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында Инновациялық- шығармашылық орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, «Қазмұнайгаз» ҰҚ» АҚ тәуелсіз директоры Серік Қожаниязов, зиялы қауым өкілдері мен сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы құрылысшылар қауымын кәсіби мерекелен құттықтап, өңірдегі жобалар мен жана орталықта атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

«Сыр елі Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауының арқасында құрылыс жұмыстары көлемінің көрсеткіші бойынша республикада үздіктер қатарындамыз. Құрылысы қарқынды елдің экономикасы қай уақытта да қуатты. Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін саланы дамытуда құрылысшылардың

үлесі орасан зор.

Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болса, бүгінде 733 млрд. теңге жетіп, 101,4 пайызға өсті. Оның ішінде, құрылыс саласына мемлекеттік бюджет есебінен 133 млрд. 400 млн. теңге қаржы бөлінді. Қаржыландыру көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 5 есе артты. Облыста 187 нысан бой көтеруде. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында, қаржыландырудың барлық көзінен 869 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі

шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд. 100 млн. теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Бүгін Шығармашылық-инновациялық орталығының іргетасын қалаймыз. Орталықта балаларға спорттық сауықтырудан бөлек, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану, гуманитарлық бағытта қызмет көрсетіледі. Бұдан бөлек, футбол, баскетбол, волейбол, воркуат алаңдары, бассейні, соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамен жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Мемлекеттің құлағу жолындағы абыройлы істеріміз және өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі бастамаларымыз табысты болсын!», - деді Н.Нәлібаев.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Сырдария ауданында өткен «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – ауылды дамытудың негізі» республикалық семинары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Іс-шараға Сыр өңіріне арнайы келген ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Парламент Сенатының, Мәжілісінің депутаттары, ведомство басшылары, барлық облыс әкімінің орынбасарлары, ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары және ірі шаруашылық құрылымдарының төрағалары қатысты.

Аймақ басшысы ауылды дамыту мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі екенін атап өтті.

«Өздеріңізге белгілі, елімізде Президентіміздің бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өтуде. Акцияға сырбойлықтар да белсенді атсалысып, туған жеріміздің көркейіп-гүлденуіне үлес қосуда. Елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауылдарға ағайынның тұрмыс-тіршілігін

жақсарту, көркейту-қоғалдандыру бағытында атқарылған жұмыстарды ынталандыру, бағалау мақсатында былтырдан бері «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсын қолға алдық. Өткен жылы конкурс 2 мәрте өткізілді. Жеңімпаздарға облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд. теңгеге күнделікті тұрмысқа қажетті 29 арнайы техника табысталды. Ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуге бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы

аудан орталықтары мен ауылдар арасында дәстүрге айнала бермек», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, осы жолғы байқауға облыстық бюджеттен 564 млн теңге қаржы бөлінді. Зиялы қауым өкілдерінен, облыстық мәслихат депутаттарынан, қоғам белсенділерінен құралған тәуелсіз сарапшылық комиссия жеңімпаздарды анықтап, әділ бағасын берді.

«Үлгілі аудан» номинациясы бойынша Сырдария ауданының Теренөзек кенті үшінші орын, Шиелі кенті екінші орын, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті бірінші орын алды. «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша Арал ауданы, Аманөткел ауылы үшінші орын, Жаңақорған ауданы, Қожакент ауылы екінші орын, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылы бірінші орынды иеленді. Жеңімпаздарға 436 млн теңгенің 19 арнайы техникасы табысталды. Мұнан бөлек, «Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін үлгілі ауылдардағы абақтандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн. теңгенің сертификаттары берілді. Марапат Арал ауданы Қосжар ауылына, Қазалы ауданы Өркендеу ауылына, Қармақшы ауданы Қармақшы ауылына, Жалағаш ауданы Аққыр ауылына, Сырдария ауданы Айдары ауылына, Шиелі ауданы Ортақшыл ауылына, Жаңақорған ауданы Өзгент ауылына табысталды.

Еске салсақ, биыл коммуналдық және абақтандыру мекемелеріне 73 техника алына, жыл соңына дейін тағы да 33 арнайы техника әкелініп, ел игілігіне қызмет етеді.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ДЕНСАУЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

«Aray city mall», «Ажар», «Жібек жолы» сауда орталықтарында «Денсаулық аралы» акциясы өтті. Ұйымдастырушы – Әлеуметтік медициналық сақтандыру корпорациясының Қызылорда облысы бойынша филиалы.

Шара барысында №1 және №3 қалалық емхана мамандары қауіп факторлары мен ауруларды бастапқы кезеңде анықтау мақсатында тұрғындарға консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетті. Дәрігерлер қан қысымын, бойын, салмағын, қандағы қант пен холестерин деңгейін өлшеп, кеңес берді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының мамандары сұрақтарға жауап беріп, сақтандыру мәртебесін қалай алуға болатынын, медициналық сақтандырудың қандай артықшылықтары бар екенін түсіндірді. Сондай-ақ тұрғындарға МӘМС жүйесі туралы ақпараттық буклеттер таратылды.

Профилактикалық тексерулерді қаржыландыру Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны, сондықтан скринингтерден өту үшін МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесінің болуы қажет екендігі атап өтілді.



САЛА БАСШЫЛАРЫНА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістен кейін қала әкімі Нұржан Ахатов алдағы жылу беру маусымына дайындықты әлі де ширату қажеттігін тиісті сала басшыларына тапсырды.

Қазір қаладағы көкбаббаты 1 022 тұрғын үйдің 808-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Қалғаны автономды модульді бу қазандықтары арқылы жылытылады. Жылу беру орталықтарына қажетті резервтік

4 761 тонна мазут отыны дайын, ал газ желісіне қосылмаған жеке секторлар мен ауылдарды қамтуға қатты отын қоры алынуда. Бүгінде 5,1 шақырым кварталаралық жылу құбырларын жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның 67 пайызы орындалып отыр. Ал, сол

жағалаудағы автономды блокты модульді қазандықтан жобасы мемлекеттік сараптамадан өтіп, оны толық іске қосуға қажетті қаражат қаралуда. Әлеуметтік нысандар дайындығы күнделікті тексеруден өтуде.

Жиын соңында шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы жылу беру маусымына әзірлік жұмыстары күнделікті бақылауда болатындығын айтып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ АСЫҚ АТУДАН САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Асық ойыны - қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танымыз. Ойынның басты объектісі - де, құралы да - асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбиенің көзі.



Орталық алаңда партияның қалалық филиалы мен «Жастар рухы» Жастар қанатының және қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында

«Спорт күніне» орай асық атудан сайыс өтті. Шараға партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, Аққарушы хатшы Ләйліә Төрешова қатысып, қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді.

«Асық ату - ұлттымыздың төл ойынының бірі. Осы орайда партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында ұйымдастырылып отырған сайысымызда өздеріңізді көргеніме қуаныштымын. Бұндай сайыстар алдағы уақытта да ұйымдастырылатын болады. Бүгінді долаға қатысушыларға сәттілік тілеймін», - деді партия филиалының төрағасы.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Күн көрісі мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны адамның жүйке жүйелерін шындап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Шарада оқ бойы оза шапқан спортшыларды партияның қалалық филиалының Аққарушы хатшысы Гүлшат Исақызы мен «Қажымұқан» спорт клубының директоры Марат Тілеуұлы марапаттап, бағалы сыйлықтар, «Алғыс хат», медальдар табыстады.

«Ел тілегі» ақпарат



ҚАЛА ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ТОПТЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен «Отбасының цифрлық картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі D, E санатындағы отбасыларды қолайлы санаттарға ауыстыру мәселесі жөніндегі арнайы топтың алғашқы отырысы өтті.

Арнайы топ отырысына білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, ауыл шаруашылығы, жер, қоғамдық даму, тұрғын үй бөлімдері, ХҚКО, мансап, отбасын қолдау орталықтарының басшылары, кент пен ауылдық округ әкімдері және осы салаға жауапты қызметкерлер қатысты.

Жиын барысында «Отбасының цифрлық картасы» ААЖ-гі отбасыларды дағдарыс және мүшкіл жағдайынан шығару туралы» қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева хабарлама жасады.

Сонымен қатар, «Отбасының әлеуметтік саламаттылығының

деңгейін айқындау үшін көрсеткіштерді есептеу туралы» облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік көмек бөлімінің басшысы Спат Сейдахметов түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Арнайы топ төрағасы жиынды қорытындылай келе, D, E санатындағы отбасыларды қолайлы санаттарға ауыстыру жөнінде салаға жауапты құзырлы мекеме басшыларына нақты тапсырмалар берді.

АУЫЗ СУМЕН БАҚША СУАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Ауыз суды тиімді пайдалануды қадағалау, су пайдалану ережелерін бұзу және бақшаларды заңсыз суару фактілерін анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Бұл қадам ауыз су беру жүйесіне түсетін жүктемені төмендетуге және соның салдарынан туындайтын мәселелерді болдырмауға, сумен жабықтық жағдайындағы қысымды тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Аралау жұмыстары Сабаалақ елді мекенінде жалғасып, оған жауапты мамандармен қоса, саяжай тұрғындары жұмылдырылды.

Рейд барысында ауыз су тұтынушылардың басым бөлігінде су есептегіш құралдарының істен шыққаны анықталды. Соның негізінде тұрғындар ауыз суды есепсіз пайдаланып, бақшаларды суарып келген деректері тіркелді. Бұл құқық бұзушылықтар 3 күн мерзім ішінде жойылмаған жағдайда, су пайдаланушыға тиісті шара көріледі. Ал, ауыз судың болмау дерегі анықталған үйлер бойынша сала мамандары ақаудың туындау себебін зерделеуде.

Жасыл желектерді және бақшаларды ауыз сумен суаруға тыйым салынады. Сондай-ақ, су есептегіш құралдарының пайдалану мерзімі өткен жағдайда ауыстыру қажет. Егер де, су есептегіш құралы істен шыққан немесе пломбасы үзілген жағдайда тұтынушы сала мамандарын хабардар етуі тиіс. Атап өткен жөн, жүргізілген тексеру жұмыстарымен 17 заң бұзушылық анықталып, қайта есептеулер берілді. Жалпы, Сабаалақ саяжайындағы ұңғымадан тәулігіне үздіксіз, жеткілікті деңгейде 1300 текше метр ауыз су беріліп отыр.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ

Адамгершілікке негізделген үш сауап бар: шөлге құдық қазған бір сауап, өзенге көпір салған бір сауап, жолға ағаш еккен бір сауап. Жолаушының шөлін қандыратын құдық қазғанда, жүргінінің демалып, сая болар ағаш екенде алғысқа бөленерің хақ.

Ал жол үстінде өзен немесе ағынды су кездескенде көпір болмаса, қиындыққа тап боларың белгілі. Осындай сауатты істің үлкенін жасау – адамгершілік қасиеттің ең биік сатысы. Бұл тұрғыда, қала көлемінде ауыз толтырып айтағындай жұмыс бар. Аймақ басшысының қолдауымен «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылының Тасбөгет платинасымен түйсетін тұсында Қызылжарма каналы арқылы өтетін автомобиль көпірі салынуда. Бұл көпір қала орталығы мен Тасбөгет кенті арасындағы қосымша байланысты қамтамасыз етіп, көлік кептелісін азайтуға мүмкіндік береді. Көпірдің ұзындығы 47 метрді құрайды. Мердігер мекеме «СЕРВИС НС» ЖШС-ті жұмысты екі ауысыммен атқаруда.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2024» КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2024» ұлттық конкурсының қалалық деңгейдегі бірінші кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде атап өтілді.

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген қоғамның дүниеге. Отбасының аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ал жанұяның береке-бірлігі – әр сәбидің, әр баланың болашақ қадамы мен бақыты жүзінде.

Сан ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құндылықтардың жандануына, дәстүрлердің жаңғыруына, түрлі буын өкілдерінің арасындағы сыйластықтың нығаюына, ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттердің өрісін кеңейтуге ықпал еткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты шарасы өтті.

Қызылорда қаласының әкімі Ахатов Нұржан Сәбитұлы барлық мерейлі отбасының жеңімпаздарын құттықтады. Бүгінгі конкурсты сарайға салған 11 маманнан құрылған комиссия мүшелері 6 отбасын жеңімпаз деп танып, екінші кезеңге 2 отбасыға жолдама берді. «Өнегелі отбасы» номинациясымен Қызылорда қаласының тұрғындары – Досановтар отбасы марапатталды.

Досановтар отбасы, Қызылорда қаласының тұрғындары. Отағасы Досанов Шайзада 1937 жылы Қызылорда ауылында дүниеге келген. Қазалы техникумын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Ресейге қарақол елтірісін, қой жүнін тасымалдап совхоз дамуына үлкен еңбек сіңірген. 1999 жылы зейнеткерлікке шықты. Сол уақыттан бастап ауыл мешітінің жұмысына араласып, өз үлесін қосты.

Отанасы Ерубайева Қалжан 1946 жылы



Киров совхозында дүниеге келген. 1966 жылдан бастап Қызылорда ауылында Военный столда, Қараөзек ауылдық емханасында шаруашылық қызметкері болып абыроймен жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан.

Екеуі 5 балалы болып, бүгін де Қалжан әже 5 баладан 21 немере, 11 шөбере сүйіп, қызығын көріп отырған аяулы әже. «Өнерлі отбасы» номинациясымен Тасбөгет кентінің тұрғындары Ұлықпановтар отбасы марапатталды. Ұлықпановтар отбасы, Тасбөгет кентінің тұрғындары.

Отағасы Ұлықпан Сәбит 1967 жылы Тасбөгет кентінде дүниеге келген. «Тоголь» атындағы Қызылорда педагогикалық институтының музыка факультетін бітірген. Композитор. Қазіргі уақытта қалалық мәдениет Үйі жанынан құрылған қала

әкімінің «Мерек» вокалды эстрадалық ансамблінде жетекші қызметін атқарып келеді.

Отанасы Алиева Шағанкүл 1967 жылы дүниеге келген. 1985 жылы Кооперативтік училищесін «Өнеркәсіп және азық-түлік сататын сатушы» мамандығы бойынша бітірген. Екеуі 1989 жылы шаңырақ көтеріп, 4 бала тәрбиелеп, 8 немере сүйіп отырған өнегелі отбасы.

«Теміржол династиясы» номинациясымен Қызылорда қаласының тұрғындары Байсұғұлдар отбасы марапатталды. Байсұғұлдар отбасы Қызылорда қаласының тұрғындары.

Отағасы Байсұғұл Орынбек 1938 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Әкесі Төремұрат паровоз жүргізді армандап локомотив депосында шебер болып жұмыс жасады. Әкелерінің жолын

қуған Орынбек пен оның бауырлары тепловоз машинисті болып жұмыс жасады. Талай жылғы адал еңбегінің арқасында бірнеше мәрте марапатталды. 2017 жылы дүниеден өтті.

Жұбайы Байсұғұлова Печанкүл 1941 жылы дүниеге келген. Екеуі 7 бала өсіріп, тәрбиелеп, ұлын ұяға қызын қыяға қондырды. Бүгінде Печанкүл әже 7 баладан 10 немере, 16 шөберенің қызығын көріп отырған ардақты әже. Әулеттің ұйытқысы.

Балалары да немерелері де аталарының жолын қуып темір жол кәсіпорындарында қызмет жасауда. Қазіргі уақытта Байсұғұлдардың 5-ші ұрпағы темір жолшы формасын киіп, әулеттерінің еңбек эстафетасын жалғастыруда.

ІІ дәрежелі дипломмен Қызылорда қаласының тұрғындары Қошқаровтар отбасы марапатталды. Қошқаровтар отбасы Қызылорда қаласының тұрғындары.

Отағасы Қошқаров Төлтай 1950 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Оқу орнын бітіріп келгеннен кейін 30 жыл №6 кәсіптік-техникалық училищеде шебер болып жұмыс жасады. Оған кейін №1 кәсіптік техникалық училищесінде директордың орынбасары болып қызмет жасап жүріп, науқастанып зейнеткерлікке шықты.

Жұбайы Секина Қырымзы 1948 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. Павлодар педагогикалық институтын Математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, түрлі мектептер мен жоғарғы оқу орындарында оқытушы болып жұмыс жасады. Қазіргі уақытта Назарбаев Зияткер мектебінде шахматтан жаңғыртушы болып жұмыс жасайды. Екеуі дүниеге 9 бала әкеліп, тәрбиелеп, ұлын ұяға қызын қыяға қондырып отырған үлгілі отбасы. 9 баладан 23 немере, 5 шөбере сүйіп отыр.

ІІ дәрежелі дипломмен Қарауылтөбе

ауылының тұрғындары Жайсаңбаевтар отбасы марапатталды. Жайсаңбаевтар отбасы Қарауылтөбе ауылының тұрғындары.

Отағасы Жайсаңбаев Мақаш 1926 жылы дүниеге келген. Еңбек және тыл ардагері. 1994 жылы дүниеден өтті.

Отанасы Жайсаңбаева Күнсүлу 1930 жылы дүниеге келген. Еңбек және тыл ардагері. Алтын алқа иегері. Екеуі 7 бала өсіріп, тәрбиелеп, оларға тәлім тәрбие беріп, ұлын ұяға, қызын қыяға қондырған өнегелі әулет. Бүгінде Күнсүлу әже жасы 94 ке келсе де бақуатты, 7 баладан көрген 24 немеренің, 32 шөбере мен 10 шөпшектің қызығын көріп, бүкіл бір әулеттің ұйытқысы болып отырған ардақты әже, абыз қария.

І дәрежелі дипломмен Қызылжарма ауылының тұрғындары, Жарқынбековтар отбасы марапатталды. Жарқынбековтар отбасы Қызылжарма ауылының тұрғындары.

Отағасы Әбілпейізов Жарқынбек 1951 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 1969-71 жылдары әскер қатарында болып, 1971 жылдан бастап егін шаруашылығымен айналысып, зейнеткерлікке шыққан.

Отанасы Ибрагимова Тіліә 1954 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Ауылда егін шаруашылығымен айналысып, зейнеткерлікке шыққан.

Екеуі 11 баланы дүниеге әкеліп, өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қыяға қондырып олардан 56 немере, 14 шөбере сүйіп, отбасының ұйытқысы болып отырған бақытты ата мен әже.

Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі. Мұндай әулеттің ізгілікті жолын жалғастыратын ұрпақ – ең мерейлі ұрпақ. Бүгін бір ғана отбасы жеңімпаз атанбайды, барлық қатысқан отбасылар – еліміздің ең мақтаулы, үлгі тұтарлық отбасылары деп білеміз.

САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек спортшылар күніне орай спорт саласының ардагерлерін, сала майталмандарын, чемпионаттар мен ел біріншіліктерінде жүлделі орындарды иеленген жастар мен жасөспірімдерді қабылдады.

Жиында сөз алған аудан әкімі «Спорт – денсаулық кепілі десек, спорттағы жетістіктер – ел мерейін өсіретін, азаматтық намыс пен жігерін шыңдап, даңқын арттыратын тынымсыз еңбек пен төккен тердің жемісі. Қармақшы ауданында партия комитеті тарапынан 1964 жылы бұқаралық спортты жолға қоюға бағытталған жұмыстар қолға алынды. Жоғарыда аталған жұмыстардың басында Омаров Сұлтанбек, Құндақбаев Жарболсын және Қаражанов Қуаныш ағаларымыз болса, Еркін Атабаев, Әлжан Төрмаханов, Шәріпбек Асанов, Әділбек Серікбаев және Бауыржан Абенғалиев ағаларымыз ауданда бұқаралық спортты дамытуға және спорттық резервті қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстарды атқарды. Тәуелсіздік жылдары ауданымыздың спортшылары толағай табыстарға қол жеткізді. Осы уақыт аралығында аудан спортшылары 100-ден аса «Қазақстан Республикасының

спорт шеберлері» мен 10-нан аса «Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері» атақтарын иеленді. Биылғы жылыда толағай табыстарға қол жеткіздік. Спортшы қыздарымыз Ақтау қаласында өткен самбодан Азия чемпионатында Рүстемова Әсемай жеңімпаз атанса, Сейілова Ұлтай қола жүлдегері атанды. Сондай ақ, Тайван қаласында бір тасын көтеруден Азия Чемпионатында Кәжденбек Еркебұлан жеңімпаз атанды. Ағымдағы жылдың 7-8 тамыз күндері Қызылорда қаласында қазақ күресінен XV облыстық «Алтын белбеу» жарысы өтті. Жерлеріміз жоғарғы жетістіктерден көрініп, Еламан Ергалиев «Сыр барысы» атанса, Мақсат Исағабалы «Сыр арланы» атанып екінші орынды иеленді. Қос палуан республикалық «Қазақстан Барысы» турнирінде аймағымыздың абыройын қорғайтын болады. Өткен жылы Жосалы кентінде денешынықтыру –

сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып ел игілігіне берілсе, бүгінгі күні Ақай, Дүр Оңғар, III Интернационал ауылдық округтерінде дене шынықтыру – сауықтыру кешендерінің құрылыстары аяқталуға жақын. Қасиетті Қармақшы өңірінің абыройын асқақату жолындағы спорт саласында жеткен жетістіктеріңізге алғысымыз білдіреміз. Алдағы уақытта да спорт саласының сан қырлы сырларын менгеріп, жеңіс туын әрдайым биіктен желбіретуге тілектеспін», - деді. Кездесуде аудандық мәслихат төрағасы Ә.Қошалақов, қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Құлдүйсенов, сала ардагері Е.Атабаевтар сөз сөйлеп, жас спортшыларға жоғары көрсеткіштерге жетуде өздерінің тілектестіктерін жеткізді. Кездесу соңында аудан әкімі Ж.Еркінбек үздіктер сапынан көрінген жас спортшыларға алғыс хаттар табыстап, сый-құрмет көрсетті. Айтпақтай, жыл басынан бері аудан спортшылары Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Кубоктарында 7-алтын, 12 – күміс, 16 – қола медальды иеленсе, Азия чемпионатында 3-алтын, 1- күміс және 1- қола медаль иеленді.



МӘДІРАЙЫМ ИШАН

Ауданға қарасты бұрынғы Ленин атындағы кеңсардың маңындағы «Ақтайлақ» деген жерде, руы жағынан Бақсайыс қожа Сойырғасұлы Құлмағанбет деген кісі өмір сүреді. Ол кісі 1840 жылы туып, 1911 жылы қайтыс болған. Құлмағанбет мұсылманша діни оқуды көп оқыған, өте сауатты, адам емдеп, дәрігерлікпен айналысқан, мешіт ұстап, бала оқытқан. Сондықтан, осы төңіректегі жұртшылықтың арасында өте беделді болып, халық қатты қадірленген кісі екен. Ол төре руының қызына үйленеді. Сөйтіп, сол әйелінен 1860 жылы ұл балалы болып, оның атын Мәдірайым деп қояды.

Мәдірайым есін біле бастағанын ерекше қабілет танытып, өзінің зеректігімен, ақылдылығымен бүкіл елге, көрші-қоланға белгілі бола бастайды. Баласының осындай қабілетіне сүйсінген әке іштей риза болып, сол кезде-ақ өзінің «Мәдірайымым үлкен ишан болады» деп ой түйген. Мәдірайым он жастық шағасында әкесінен: – Кеке, оқимын, мені оқытыңызшы, – деп айтудан болады.

Құлмағанбет зерек баласының оқығанын құп көргенімен, қолынан шығаруға кимайды. Бірақ Мәдірайым да ауыл молдасынан арабша сауат ашып, хат танып алғаннан кейін Бұқарадағы медресеге барып, діни оқуды жалғастыруды армандауды қоймайды. Құлмағанбет ақсақал қонақжайлы кісі болғандықтан сол кездегі ескі жолау жүйесін Бұқара-Ресей арасындағы жүргізушілер, әртүрлі саудагерлер оның үйіне қонып, түстеніп кететін болған. Мәдірайым отбасын, әке-шешесін мазалап оқимын, Бұқараға кетемін деп жүргенде жасы он екіге келеді. Енді ол өз арманын жүзеге асыруға бел буа кіріседі. Сөйтіп жүргенде бір күні ауыл арқылы өткен керуенге ілесіп үйінен жасырынып оқу іздеп, Бұқараға қашып кеткен. Жалғыз ұлынан із-түсіз айырылған Құлмағанбет баласын іздемеген жері қалмай ақыры күзде үйіп, оны өліпте санап қояды. Мәдірайым сол кеткеннен Бұқараға жетіп, өзінің ерекше қабілеттілігінің арқасында діни медресеге мұсылманша оқуға түсіп, әртүрлі салада үзбестен он екі жыл оқиды. Сөйтіп, үйімен хабарласпай он екі жыл бойына білім алуға беріле кіріскен жас жігіт оқуды өте жақсы деген бағаммен тәмамдап, мұсылманша мұғалім, дәрігер, жағрафияшы деген шатырхат алып, Бұқарада өзімен бірге оқыған балалармен Сыр бойына қайта оралады.

Елден өте жас кеткен Мәдірайым «Ақтайлақтағы» өз ауылын бірден таба алмайды. Ел жағалап келе жатқанда Қараөзектің Сырдариядан бөлініп шығар сағасында отырған ұлы жүздің Жалайыр руының ауылына келеді. Мәдірайым ауылда бірекі күн аялдап, қонақ болып жүргенде сол елде бір ас өткізіліп соған барады. Ас таратылып жатқанда Мәдірайым сол елдің адамдарымен табақтас болады. Дастарқан басында отырған жасы алпыстар шамасындағы бір ақсақал қасындағылардан: – Мынау қай бала? – деп сұрайды.

Мәдірайым өзінің Бұқарадан діни оқу оқып келе жатқанын айттып, ақсақалға жағдайын қысқаша таныстырады. Дастарқанға төрдегі ақсақал бата беріп: – Құран оқудың жолын мына жас молдаға беріп көрейік, – деп Мәдірайымды нұсқайды. Ол тізерлеп отыра қалып, Құран оқи бастайды. Оның Құран оқу мақамы ерекше еді. Сондықтан дастарқан басындағы қариялар оған қатты риза болады. Енді олар көздерін жас Мәдірайымнан алмай қарап қалады. Сонда ас қайтарған әлгі ақсақал Мәдірайымға: – Балам, мұнда кел, қалған әңгімені біздің үйге барғасын айтасын, – деп оны өз үйіне ертіп

келеді. Ол кісі ауыл ақсақалдарын шақырып, жас та болса Мәдірайымға мал сойып, қонақасы береді. Сол жерде үй егесі де, ауыл ақсақалдары да Мәдірайыммен жақсылап танысып, оның қайдан шыққанынан хабарлар болады. Ертесіне үй иесі оған: – Мәдірайымжан, сен еліңе асықта. Мен аманшылық болса, сенің еліңді тауып алуына көмектесемін. Сенің ерекше білімдарлығың маған да, ауыл ақсақалдарына да ұнап қалды. Сондықтан біздің елде аялдай тұр. Қаласаң саған арнап мешіт салдырып, өзінді сол мешітке еге етейін. Осында елдің балалары оқысын, сауатын ашсын, – деп қолқа салады.

Бұған Мәдірайым: – Әке, ойланайын, маған екі-үш күн мұрсат беріңіз, – дейді. Шын ниетімен үй иесі де, ауыл ақсақалдары да өтінгенін Мәдірайым ақыры осы елде қалып, бала оқытуға келесі. Сөйтіп, ауыл ақсақалдары оны өзіне өкіл бала қылып алады. Бір жыл ішінде бүкіл ел болып жабылып мешіт салып, соған молда болады. Мешітке бала оқытуды, ауылда молда болуды ойдағандай атқарған Мәдірайым елдің ойынан шығады. Сөйтіп, жас молда өз күзметімен халықтың құрметіне бөленеді. Ол сонымен қатар алдына келген көптеген науқастарды емдеп жазады. Сондықтан мешітке халық жанжақтан ағылып келіп, одан ақыл-кеңес, дәрігерлік алып тұрады. Жас емінің аты жақын жердегі Ақмешіт қаласының тұрғындарына да мәлім болып, оған келушілер көбейе түседі. Оның үстіне, Мәдірайымның бала оқытудығы ыждағатты жұмысы да ел ішінде елеусіз қалмайды. Ол оқытқан балалар тез сауаттанып, бір жылдың ішінде қара танып, кітап оқу дәрежесіне жетеді.

Құндердің бір күнінде ұлынан айырылғанына он екі жыл болды дегенде Құлмағанбет ақсақалдың үйіне алыстан бір жолашушы келіп қонады. Жолашушыдан жөн сұрасып болғаннан соң Құлмағанбет ақсақал оған өз мұны айтады. Баласынан айырылғанына он екі жыл болғанын есіткенде жөн-жобаны түсінетін жолашушы кісі ақсақалдың бет әлпетіне қарап отырып былай дейді: – Мен осыдан бірнеше күн бұрын Қараөзектің Сырдариядан бөлініп шығатын сағасында отырған бір байдың ауылына қондым. Бай, жомарт, сыйлы кісі екен. Өзінің жиырма төрт, жиырма бестер шамасындағы ұлы бар көрінеді. Соған арнап мешіт салдырыпты. Баласы молда болып сол мешітке ауыл балаларын оқытады. Байдың руы Жалайыр болып шықты. Ас ішіліп, түнгі әңгімеге көшкен кезде бай өз сырын ортаға салып, мына мешіттегі имам болып жүрген баланы асырап алғаным. Өзі Бұқарадан оқып келе жатыр екен. Осы ауылдың сонда оқыған бір баласына еріп келіпті. Өзі ауылынан он екі жасында кеткен екен. Туған ауылын таба алмай елден сұрастырып жүргенде маған кездесіп қалды. Сөйтіп, ол өзінің өзгелерден ерекше керемет қасиеті, адамгершілігі және сауаттылығымен мені қатты баурап алды. Мен оған түбі атағанды тауып қауыштырайын дедім. Бұған ол келісе кетті. Қазір ол мешітке имам болғанмен өзінің дәрігерлік, мұсылманша дәріс беретін молдалық, әулиешілік қасиеттерімен аты елге кеңінен тарай бастады. Менің бұл балаға арнап мешіт салдыру себебім осы, – деп бай сөзін аяқтады, – деді әңгімесін жолашушы.

Ол Құлмағанбет ақсақалдың көзін алмай біраз ойланып отырып: – Сол баланың түрі сізден айнымайды, – дегенде жүрегі сезгендей болған Құлмен атамыз орынан еріксіз бірнеше рет ұшып түрегелген екен. Құлмен сол жақсы хабарды жеткізген жолашушыға жақсылап қонақасы беріп, шапан жауып, шығарып салады. Ертесіне қасына

біраз жігіттерді алып, ол сілтеген Қараөзек өңіріндегі Жалайыр ауылына тартып отырады.

Бұл күз мезгілі болатын. Күн суық. Жүрегі алып ұшқан Құлмағанбет ақсақал аталған бай ауылына таң бозара жеткен екен. Ауылға жақындағанда мешітке таң намазы оқылып жатса керек. Жас ишанның қырағатты дауысы Құлмағанбет ақсақалдың жанын ерекше сезімге бөлейді. Ол жас имамды көргенше асықты. Ауылға қонақ келді деп мешіттегі байға хабар берілді. Содан кейін таң намазын оқып болған бай үйіне келіп, қонақтарын қарсы алады. Сусын ішіп, шамалы демалғасын сабырлы бай келген қонақтарынан жөн сұрайды. Құлмағанбет ақсақал байдың бұл сұрағына: – Байеке, жоқ іздеп жүрмін, Қармақшы жағындағы төменгі ауылдан келемін, – дейді.

Қонағынан көзін алмай тесіле қарап отырған бай: – Ақсақал, ол іздеген жоғыңыз табылғалы тұр деген кезде Құлмағанбет ақсақал қуанғанынан үй иесін қушақтай алыпты. Сол мезетте бай бір қызметшіне: – Бар, Мәдірайымжанды шақырып кел, – дегенде он екі жыл бойы зарығып іздеген баласының атын естіген Құлмағанбет ақсақал есікке тұра ұмтылып барып қайта отырғыпты.

Аз уақыттан кейін әкелі-балалы екеуі есіктің босағасында қушақтасып табысқан екен. Әбден баласын сағынысып көрісіп, мауқын басқаннан кейін Құлмағанбет ақсақал байға былай деп сұрақ қойған екен. – Байеке, сіз менің жоғымның табылғалы тұрғанын қалай сездіңіз? Сонда бай: – Мен өмірімде сіздердей әкелі-балалы кісілердің мұндай ұжасстығын бірінші көрүім, – депті.

Сол күні бай бүкіл елін шақырып, Мәдірайымның әкесімен табысқанына арнап той жасапты. Біраз күнлерден кейін Құлмағанбет ақсақал еліне қайтпақшы болады. Бай үйінің төрінде отырған Құлмен жұрттың көзіне баласы: – Әке, мына өкіл әкем мені қияметтік бала қылып алып, мен үшін мешіт салдырды. Мен мешіт табалдырығында жылатып тастап кетпеймін. Сізді де, түсінімін, егер рұқсат етсеңіз енді бір жыл осы өкіл әкеме, бүкіл ауыл жұртшылығына да қызмет етейін, – дегенде Құлмағанбет ақсақал: – Жаным, ақылыңнан айналмайын, мақұл, – деп басқа сөзге келместен серіктерін ертіп еліне қайтып кеткен екен.

Содан тура бір жыл өткенде, яғни келесі күзде бай Мәдірайымға енді бір жыл, қасына қызметшілер қосып «Ақтайлақтағы» әкесіне жеткізіп салыпты. Еліне келгеннен бастап Мәдірайым өз білімін халыққа қалтқысыз қызмет етуге бйрыңғай арнайды. Оның атағы енді Сыр бойына белгілі бола бастайды. Сондықтан асқан білімдарлығы үшін ол ишан деген діни атақ алады. Мұндай жоғары атақ одан бұрын Марал, Қалқай ишандарға ғана берілгеніне еске алсақ, мұның өзі Мәдірайым ишанның халық арасында қандай абыройға ие болғанын айқын аңғартады. Сөйтіп жүргенде Мәдірайымның туған шешесі ауырып дүние салып, Құлмағанбет ақсақал екінші рет үйленеді. Бұл әйелінен Ахмет, Әбдімәлік, Әбжәлі есімді үш баласы болады. Кіші ұлы Әбжәлі екі жасқа келгенде Құлмағанбет ақсақал да ауырып, қайтыс болып, «Ақтайлақ» өңіріне жерленеді. Әкесі өлгеннен кейін ел ішінен дінге қарсы ишан, молдаларға қарсы ретсіз сөйлеушілер шыға бастағасын Мәдірайым үш інісін, шешесінен екі балаларын мен әйелін алып Сырдария бойындағы қазіргі «Жаңажол» жеріне көшіп келеді. Сол кезде Сыр бойындағы қазақтарға билік жүргізген Елкей ханның баласы Юрс осы төңіректі басқарып отыр екен.

Мәдірайым көшіп келеді дегенін Юрс төре оның алдынан шығып, өзінің «Тар түбек» деген дария бойындағы шағын жерін сыйға тартқан екен. Мәдірайым «Ақтайлаққа» барғаннан кейін төре руынан шыққан қызға үйленіп, одан Пағыма, Раунақ, Әбділла, Сағат, Сәкен деген балалары дүниеге келген. Сонымен үш жас інілері және өзінің балалары Мәдірайым ишанның тәрбиесінде болып, барлығы бір үйде тұрады. Ишан оларға жақсы тәлім, тәрбие беріп өсіруге барлық күшін жұмсайды. Пағыма мен Раунақ бойжеткесін сол жердегі төре руына ұзатылады. Қазіргі уақытта олардан тараған немере, шөберелері бар.

Ишанның үлкен ұлы Әбділа әкесінің жолын қуып, Бұқарадағы «Көкелташ» медресесін бітіріп келіп, мешітке орналасады. Ол әкесіне көмекші ретінде бала оқытады және тауіптік кәсіп жасайды. Сөйтіп, мақсұм деген діни атақ алады.

Өміржан ЖУМАДІЛДӘУЛЫ

ДДСҰ ӘЛЕМДІК ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАДЫ

Маймыл шешегі Еуропаға жетті. Африкадағы m-rox (маймыл шешегі) індетінің кең таралуына байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) әлем бойынша денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайды жариялады.

Конгода бір аптаның ішінде індетті жұқтырудың 2000-нан астам жағдайы тіркеліп, вирус көрші елдерге тарай бастады. Дүниежүзі елдері, соның ішінде Қазақстан мен Қытай да вирустың алдын алу және оның таралуына жол бермеу үшін тиісті іс-шараларды күшейте бастады.

Африканың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары Конгода маймыл шешегінің жұқпалы штамының жылдам таралуына байланысты континентте денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай жариялады. Өйткені қауіпті вирус көрші елдерге тарай бастады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус әлем елдерін қауіпке ерекше назар аударуға және инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін қажет шараларды қабылдауға шақырды. Қазіргі кездегі басты мақсат – Африкада вирустың таралуына тосқауыл қою және оның әлемнің басқа бөліктеріне таралуына жол бермеу.

Маймыл шешегі вирусының туындайтын бұл ауру алғаш рет 1958 жылы Данияда зертханалық маймылдар арасында табылған. Вирустың адамға жұғуының алғашқы жағдайы 1970 жылы Конго Демократиялық Республикасында тіркелген.

Маймыл шешегінің таралуы негізінен Орталық және Батыс Африкадан шектеліп келеді. Бірақ 2022 жылдың мамырында Еуропа мен Солтүстік Америкада тіркелді. 2023 жылы ауру ошақтары азияға қарамастан, вирустың таралуы жалғасын келеді. Африканың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының мәліметтеріне қарағанда, өткен аптада ғана Африкада маймыл шешегінің 2000-нан астам жаңа жағдайы тіркелді.

АРМЕНИЯ МАСАДАН АДАМҒА ЖҰҒАТЫН БАТЫС НІЛ ВИРУСЫН ТІРКЕДІ

Арменияның ауруларды бақылау және алдын алудың ұлттық орталығы масадан адамға жұғатын Батыс Ніл вирусының елде алғаш рет таралуын тіркеді. 20-ға жуық адам ауруханаға жатқызылып, бір науқас көз жұмған.

Науқастардың жағдайы орташа және ауыр деп бағаланып отыр. Олардың ішіндегі ең жасы 25-те, ең егесі 65-те. Барлық науқастың созылмалы және ауыр сырқаттары бар. Қаза болған 60-тан асқан адамның да созылмалы ауруы болған. Армения Денсаулық сақтау министрлігінің ауруларды бақылау және алдын алудың ұлттық орталығының директоры Степан Атояның айтуынша, бұл аурудың нақты емі жоқ, тағайындалған ем симптоматикалық және бұл вирусқа қарсы вакцина әлі әзірленбеген. Батыс Ніл вирусының кулексе (Culex tritaenae) масалар тарағанды. Арменияда Батыс Ніл вирусын жұқтыру жағдайлары негізінен елдің ыстық аймақтарында - Арарат, Армавир және Арагацотта тіркелген.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ ТӘЖІКСТАНДА ӨТЕДІ

Мәдениет күндері аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылған. 2024 жылғы 20-22 тамыз аралығында Тәжікстанда Қазақстан Республикасының мәдениет күндері өтеді.

ТҰҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов ҚР Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы депутатымен фракция мүшесі Мархабат Жайымбетовпен партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында Сол жағалауда салынып жатырған көпқабатты тұрғын үй пәтерлерінің құрылыс жұмыстарына мониторинг жасады.

Жалпы ауданы 37 283,4 м2 құрайтын тұрғын үйлер мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді ету мақсатында салынып жатыр. Бір тұрғын үйдің ауданы 6 213,9 шаршы метрді құрайды. Құрылыс қарқыны жоғары. Мониторинг барысында фракция мүшесі құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше мән беруді атап өтті. Мұнан соң ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергүлбаев жанадан салынып жатқан Жылыу элекстр орталығының құрылыс жұмыстарымен танысты. Мұнда қазіргі уақытта 600-ге жуық адам және 60 техника жұмылдырылған. Жұмыс жоспарға сәйкес жүреді. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. «Жаңа жылу элекстр орталығының құрылысы Мемлекет басшысының ерекше бақылауында. Орталық іске қосылғанда Сыр өңірін ғана емес, оңтүстік өңірлердегі элекстр энергиясының жүктемесін тұрақтандыруға он әсерін тигізбек.



«2024 жылғы 20 тамызда Душанбе қаласындағы «Ватан» кинотеатрында қазақстандық кино күндерінің ашылуы өтеді», - деп жазылған Мәдениет министрлігі тараптан хабарламада.

22 тамыз күні сағат 19:00-де «Кохі Борбад» мемлекеттік кешенінде Қазақстан өнер шеберлерінің қатысуымен гала-концерт өтеді, оған Қазақстанның халық әртістері мен өткен сипірген кайраткерлері, сондай-ақ халықаралық конкурс лауреаттары қатысады. Сонымен қатар гала-концерт басталмас бұрын «Кохі Борбад» мемлекеттік кешені фойесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің қорынан «Қазақ халқының қолданбалы-сәндік өнері» атты көрмесі ұсынылады. Көрменің негізін XVIII-XX ғасырлардағы қолданбалы өнердің бірегей заттары құрайды.

ТҮРКИЯҒА БАРҒАҒАНДАР САУСАҚ ІЗДЕРІН ТАПСЫРАДЫ

Алайда, бұл өзгерістің қашаннан бастап іске қосылатыны белгісіз. Бұл туралы Түркия ІІМ басшысы Әли Ерліка мәлімдеді. Түркияда заңсыз иммигранттармен күресу мақсатында елге кіретін барлық шетелдік азаматтың саусақ іздері алынады.

«Түркияға кірген кезде АҚШ пен Ұлыбританиядағыдай саусақ іздері түсіріледі», - делінген Sabah басылымында. Сондай-ақ, министр уақытша қорғау мәртебесін алғандардың жеке куәліктерін чиптеу жоспарланғанын хабарлады. Бұл шара, әсіресе, Сириядан келгендерге әсер етеді. «Ел тілегі» ақпарат

БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН ЖӘНЕ ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАҢУ КЕЗІНДЕГІ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бұрғылау қондырғысы - ұңғыманы бұрғылауға арналған құрал-жабдықтар кешені. Ол бұрғылау тәсіліне қарай: айналмалы бұрғылау қондырғысы (көп тараған түрі) және соққылы бұрғылау қондырғысы болып екіге бөлінеді. Бұрғылау және жерасты күрделі жөндеуге арналған қондырғылар қауіпті өнеркәсіп болып табылады. Кез келген бұрғылау қондырғысында Қазақстан республикасының конституциясында 1 бабында көрсетілгендей, осы салада жұмыс атқаратын жұмыскерлердің қауіпсіздігі әрқашанда бірінші орында.

Бұрғылау қондырғысының операторлары қызметкерлердің бас киімдер мен қорғаныш көзілдіріктер сияқты барлық тиісті қауіпсіздік құралдарын пайдалануын қамтамасыз етуі керек және қауіпті аймақтарда жұмыс істегенде қажетті қауіпсіздік процедураларын орындауы керек. Операторларда сондай-ақ жұмыс барысында қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда жұмысшылар тез арада көмек ала алатындай төтенше жағдайды жою жоспары болуы керек. Экологиялық қауіпсіздік - бұрғылау қондырғысын пайдалану кезінде ескерілетін тағы бір маңызды фактор. Бұрғылау қондырғылары жергілікті экожүйені ластануы немесе олардың жұмыс істеуіне болатын зияннан қорғау үшін ауаға шығарындыларға, ағынды суларды бұруға және қауіпті материалдарды сақтауға қатысты қатаң ережелерді сақтауы керек. Одан басқа, бұрғылау жұмыстары кезінде төгілулер немесе басқа қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін операторлар жакын маңдағы су объектілерінің беткі жағдайын бақылауы керек. Сонында, пайдалану қауіпсіздігі бұрғылау қондырғысының барлық уақытта қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Бұрғылау қондырғысы операторлары жердің ауысуы немесе тұрақсыз құрылымдар сияқты ықтимал қауіптерден хабардар болуы керек және жабдықтың апатқа ұшырауы немесе жаракат алу қаупін азайту үшін бұрғылау жұмыстарында қолданылатын барлық жабдықта тиісті техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету керек. Бұған қоса, ықтимал қауіптерді олар елеулі мәселелерге айналып,

қосымша зақым немесе жаракатқа әкелмес бұрын анықтау үшін жүйелі түрде қатаң тексерулер жүргізілуі керек. Тәуекел бұрғылау жұмыстарының ажырамас бөлігі болып табылады және қауіпсіз жұмыстарды қамтамасыз ету үшін, мұнай-газ салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін, «Азаматтық қорғау туралы» заңдарын қатаң сақтай отырып басқарылуы керек. Бұрғылау қондырғыларындағы қауіпсіздік ережелері кез келген мұнай және газ өнеркәсібінің қызметкерлер мен жабдықтарды қорғау үшін өте маңызды. Барлық қызметкерлер қауіпті ортада қауіпсіз жұмыс істеуге үйретіліп, сертификатталуы керек. Бұрғылау қондырғысының қауіпсіздігі апаттардың, жаракаттардың және өлімнің алдын алудың кілті болып табылады. Бұрғылау қондырғыларымен байланысты тәуекелдердің түрлері операция түріне, қондырғының түріне және ол жұмыс істейтін ортаға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Жалпы тәуекелдерге механикалық ақаулар, жарылыс/өрт қаупі, адам қатесі немесе абайсыздығы, қауіпті заттардың төгілуі және табиғи апаттар жағалауы.

Жабдықтың бұзылуы сияқты механикалық ақаулар тез және дұрыс шешілме, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Бұрғылау қондырғылары - қауіпсіз жұмыс істеуі үшін тұрақты техникалық қызмет көрсетуді қажет ететін күрделі техника бөліктері; олай істемей ақауларға немесе апаттарға әкелуі мүмкін. Жарылыс/өрт қаупі

орнында сақталған немесе жұмыс кезінде пайдаланылған жанғыш материалдардан туындауы мүмкін, бұл дұрыс өңделмеген жағдайда апатты нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Бұрғылау қондырғысындағы тәуекелді бағалау кезінде адамның қателіктері немесе немқұрайлылығы да ескерілуі керек. Нашар оқытылған персонал немесе қауіпсіздік хаттамаларын сақтамайтын қызметкерлер тиісті оқыту және қадағалау арқылы есепке алынуы тиіс қауіп туырады. Бұған қоса, қауіпті материалдардың төгілулері бұрғылау қондырғыларына олардың процесте қолданылатын химиялық заттар және операция нәтижесінде пайда болатын қалдықтар сияқты ықтимал көздерге жақын болуына байланысты жиі алаңдатады. Ақырында, жер сілкінісі немесе су тасқыны сияқты табиғи апаттар тиісті сақтық шаралары уақытынан бұрын қабылданбаса, айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Бұрғылау қондырғыларымен байланысты жиі кездесетін механикалық қауіптердің бірі жабдықтың істен шығуы болып табылады. Бұл техника дұрыс жұмыс істемегенде орын алуы мүмкін, нәтижесінде жаракат немесе мүліктің зақымдануы мүмкін. Жұмысшылар әлеуетті механикалық қауіпті анықтауға және жабдықты қалай қауіпсіз пайдалану және техникалық қызмет көрсету керектігін білуге үйретілуі керек. Сондай-ақ кез келген ықтимал мәселелер қауіп туғырмай тұрып шешілуі үшін машиналарды тозу, тот, әліс жерлер және т.б. бар-жоғын үнемі тексеріп отыру маңызды.

Бұрғылау қондырғыларында жиі кездесетін тағы бір механикалық қауіп баспалдақтар мен қоршаулар сияқты қауіпсіздік құралдарының жеткіліксіздігінен туындаған сырғанау, және құлау болып табылады. Ауыр техниканың айналдырылуы жұмыс істеу, егер тиісті қауіпсіздік элементтері болмаса, әртүрлі ықтимал

жаракаттарға әкелуі мүмкін. Бұл тәуекелдерді азайту үшін жұмыс берушілер баспалдақтардың тұрақты табандары мен жоғарғы жағында ұстағыштардың болуын қамтамасыз етуі керек; қажет жерлерде қоршауларды орнату керек; едендер қысқартып таза болуы керек; және жұмысшылар платформаларда немесе тіректерде жұмыс істегенде орқашан сәйкес аяқ киімді пайдалануы керек.

Бұрғылау қондырғысының қауіпсіздігі қауіпсіздік хаттамаларын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетуге бағытталуы керек. Жұмысшыларға апатты болдырмау және бұрғылау процесіне қатысатын әрбір адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қауіпсіз тәжірибе маңызды екенін еске салу өте маңызды. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жұмысшылар жаракат алу қаупін азайтып, жұмыс ортасының қауіпсіз болуын қамтамасыз ете алады. Осыған байланысты бұрғылау жұмыстарының жоспары болуы маңызды, ол жабдықты қауіпсіз пайдалану бойынша тиісті оқыту мен оқытуды қамтиды. Бұған қоса, жиі жаттығулар мен тексерулер жүргізу барлық қауіпсіздік хаттамаларының дұрыс орындалуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету үшін тұрақты оқыту және тұрақты тексерулер жүргізу қажет. Осы сақтық шаралары орындалса, жұмысшылар әрбір бұрғылау операциясы кезінде қауіпсіздікті сақтау үшін тиісті қадамдар жасап жатқанына сенімді бола алады.

С. МАДИЯРҰЛЫ,
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мұнай-химия өнеркәсібінің, магистральдық құбырлары және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы



ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы - ана тілі. Қазақстанның негізгі тілін - мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу - біздің әрқайсысымыздың парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Ұлт аралық келісім өзара жарасымды тапқан, тату еліміз. Алайда, қазақ тілі әр қазақтың ар-ожданы, мақтанышына айналды тиіс. Мемлекеттік тіл аса маңызды да өзекті мәселе, тіл қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танитанын басты белгісі. Ол ұлт болмысын ұғындырып, төңіреген жұртты топтастырып, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу - өмір талабы, заман сұранысы қоғам қажеттілігі.

Қазақтың тілінің бай, оралымы көркем, сөздік қоры мол екенін әлем әлдеқашан мойындаған. Оның шындығына қазақтың жыршы, жырауларының, ақын-жазушыларының шығармаларын оқып, танысқанда анық көз жеткізесің. Қазақ - тіл тазалығына, сөздің өз орнымен қолданылуына терең мән беретін, асқан жауаптылықпен қарайтын халық. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтуға дағдыланған халықтың мақал-мәтелдері өзіне бір баға жетпес байлық, Таусылмайтын қазына. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалған әрбір мақал - мәтелден халықтың шексіз дүние-таным, мінсіз тазалығы, көңіл көкжиегінің кеңдігі анық байқалып тұрады. Расында да, тіл - халықтың жан-дүниесін, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Тіл - тазалықтың, пәктіктің, имандылықтың жаршысы. Тіл - тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, еліміз бен бірлігіміздің туы. Болашағымызды баяндай етер қаруымыз - тіліміз!

Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бері оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани - мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, жеткізуге. Қазақ тілі қазақ халқының ғана емес, бүгін Қазақстан мемлекетінің тіліне айналатын, мәртебесі мен мерейі үстем болатын күн туды.

Т.ӘМІР,
Қармақшы аудандық соты әкімшісінің бас маманы сот отырысының хатшысы

МЕДИАЦИЯ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ КӨТЕРЕДІ

Медиация - дауды шешудің тиімді тәсілі. Заң дау-дамайлардың тиімді шешілуіне, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральдік түрде шаршамауына, сонымен қатар жанжалдасушы тараптардың келешек өмірінде бір-біріне деген кек сақтамауына, кемсітуіне, өзара кешірім жасауына, адамдардың адамгершілік қасиеттерін арттыруға зор ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Елімізде жеке және заңды тұлғалардың туындаған дауды өздері келісіп бітіруіне атқарылып жатқан жұмыстар көп. Өңірдегі мәселелерді жақсы білесіз. Өз тәжірибеніңізді жұмысты сапалы деңгейге көтеруге жұмсайтыныңызға сенемін, - деді Қор басшысы Әбілқайыр Сқаков.

Елімізде жеке және заңды тұлғалардың туындаған дауды өздері келісіп бітіруіне атқарылып жатқан жұмыстар көп. Өңірдегі мәселелерді жақсы білесіз. Өз тәжірибеніңізді жұмысты сапалы деңгейге көтеруге жұмсайтыныңызға сенемін, - деді Қор басшысы Әбілқайыр Сқаков.

Елімізде жеке және заңды тұлғалардың туындаған дауды өздері келісіп бітіруіне атқарылып жатқан жұмыстар көп. Өңірдегі мәселелерді жақсы білесіз. Өз тәжірибеніңізді жұмысты сапалы деңгейге көтеруге жұмсайтыныңызға сенемін, - деді Қор басшысы Әбілқайыр Сқаков.

Елімізде жеке және заңды тұлғалардың туындаған дауды өздері келісіп бітіруіне атқарылып жатқан жұмыстар көп. Өңірдегі мәселелерді жақсы білесіз. Өз тәжірибеніңізді жұмысты сапалы деңгейге көтеруге жұмсайтыныңызға сенемін, - деді Қор басшысы Әбілқайыр Сқаков.

Қ.ЕСХАНОВ,
Қармақшы аудандық соты әкімшісінің бас маманы - сот отырысының хатшысы



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ

2024 жылдың 19 тамызында «Өнер орталығында» Қызылорда облысы білім беру қызметкерлерінің «DIGITAL KAZAKHSTAN: ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ» педагогикалық тамыз кеңесі өтті.

Тамыз кеңесіне Облыс әкімі Н.Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Н.Байқаламов, Р.Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М.Жайымбетов, М.Ерғешбаев, Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие және қосымша білім беру департаментінің директоры М.Медетбекова және облыс ұстаздары қатысты.

Пленарлық мәжілісте облыс әкімі Н.Нәлібаев баяндама жасады. Нұрлыбек Машбекұлы өз сөзінде облыс мектептері 100 пайыз интернетпен қамтылғанын, облыстағы 129 мектеп робототехника кабинетімен жабдықталғанын сөз етті. Қорқыт Ата университеті Оңтүстік Кореяның Сеултех университетімен келісім жасап, қазір Қорқыт Ата университетінде Жасанды интеллект институты ашылғанын баяндады. 2024-2025 жылдары облыста 21 «жайлы мектеп» пайдалануға беріліп, үш ауысымды мектептер мен апатты мектептер проблемасы оңтайлы шешілетіні жайлы мәлімдеді.

Облыс әкімінің сөзінен кейін Оқу-ағарту министрі Г.Бисенбаевтың бейне-құттықтауы көрсетілді. Онан кейін шығыс сөйлеген министрлік өкілі М.Медетбекова, облыстық білім басқармасының басшысы А.Есжанов, Парламент Сенатының депутаты Н.Байқаламов, Қорқыт Ата университетінің ректоры Б.Қаримов, Сырдария ауданы №210 орта мектеп түлегі А.Абдуллаев, «Bilim Land» ЖШС директоры С.Кенжеханұлы, ата-ана М.Байдаулетов және №2 Абай атындағы үш тілде оқылатын дарынды балаларға арналған мектеп директоры А.Уткелбаевалар жарыссөзге шығып, білім саласының өзекті мәселелері жөнінде ой қозғайды, ұсыныстарын білдірді.

Кеңес соңында облыс педагогтер ҚР Оқу-ағарту министрлігінің және Қызылорда облысы әкімдігінің төс белгілерімен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Б. ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» Қызылорда облысының ЖДИ директоры

ЖАҢА ДИРЕКТОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Басқарма төрағасының бұйрығымен Жақсылық Абдусаметов Әлеуметтік медициналық сақтандыру қордың Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры болып тағайындалды.

Жақсылық Әбілкасымұлы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтын «Дәрігер-педиатр» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1994 жылы бастады. Жалпы еңбек өтілі 30 жылдай, оның ішінде 20 жылдан астам басшылық қызметте болған.

Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасы басшының орынбасары, кейін

басқарма басшысы қызметін атқарды.

«Жақсылық Әбілкасымұлы, қазір Қорда және өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстар көп. Өңірдегі мәселелерді жақсы білесіз. Өз тәжірибеніңізді жұмысты сапалы деңгейге көтеруге жұмсайтыныңызға сенемін, - деді Қор басшысы Әбілқайыр Сқаков.

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2)-тармағымен сотталушы Б.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы Б. жәбірлеуші Е.-нің мал қорасына заңсыз кіріп, байлаулы тұрған жылқысын жасырын ұрлап, оқиға болған жерден бой тасалап кеткен. Нәтижесінде, жәбірленушіге жалпы 250 000 теңге мүліктің шығын келтірген. Басты сот талқылауы барысында сотталушы өз кінәсін толығымен мойындаған. Сотталушының кінәсі жәбірленушінің, куәлардың жауаптарымен, оқиға болған жерді қарау хаттамаларымен және басқа да құжаттарымен дәлелденген.

Сот жаза тағайындауда сотталушы Б.-ның бұрын жасаған қылмысы үшін сотты болып, бас бостандығынан шектеу жазасын толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын ескеріп, Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының үкімімен тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігін ішінара қосып, түпкілікті 5 жыл 2 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Сырдария аудандық соты

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыр шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммунальдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.



Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 - Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынбеков көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Талпырыс №187

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/